

ДИПФЕЙК: ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ҚАУІП

5-БЕТ | ЗАҢ МЕН ТӘРТІП



ШӘМШІ ӘНДЕРІ ШАРЫҚТАДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Бүгінде Астана – еліміздің қоғамдық, саяси және іскерлік ордасы. Дәл осы жерде халқымыздың болашағына қатысты маңызды шешімдер қабылданады, озық идеялар іске асырылып, биік мақсаттар орындалады. Елордамыз әрдайым түбегейлі өзгерістер мен ауқымды реформалардың бастауында тұрады. Алдағы уақытта да Астанамыз Әділетті, Таза және Қуатты Қазақстанды құру жолындағы жалпыұлттық жаңғыру жұмыстарына ұйытқы бола береді деп сенемін.

№146
(4890)
Бейсенбі
11 желтоқсан
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Оңалхан ӨНЕРХАН

ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА

1997 жылдың 10 желтоқсан күні Қазақстанның астанасы Алматыдан ресми түрде Ақмола қаласына қоныс аударды. Осы күні Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі, Парламент және Үкімет жаңа астанадағы жұмысын бастады. 1998 жылы Ақмола атауы Астана болып өзгертіліп, жас елорданың халықаралық тұсаукесері өтті.



«ТАҢҒЫ ФИЛЬТР» ТЕКСЕРЕДІ

Астана қаласының мектептерінде тұмау мен ЖРВИ жағдайларының көбеюіне байланысты уақытша «таңғы фильтр» режимі өнгізілді.

Енді мектепке кірген әр оқушының қызуы өлшеніп, денсаулық жағдайы бақыланады. Егер оқушының қызуы көтеріліп тұрса, міндетті түрде мектеп медбикесіне жіберіледі және ата-анасына хабарланады. Қажет болған жағдайда жедел медициналық жәрдем шақырылады. Тұмау мен жөтелдің екпіні басылғанша оқу кабинеттерін желдету және дезинфекция жүргізу күшейтіледі. Сондай-ақ оқушылар көп жиналатын мектепішілік іс-шаралардың саны азайтылған.

ҚОСЫМША ПОЙЫЗДАР ЖҮРЕДІ

Жаңа жыл мерекесіне орай Астанадан ел өңірлеріне қосымша пойыздар жүретін болады. Бұл жөнінде ҚТЖ баспасөз қызметі хабарлады.

Қосымша пойыздар мынадай бағыттарда қатынайды:

• **№201/202 «Алматы-2 – Астана-1»**

Алматыдан жөнелтілуі: 2025 жылғы 20, 22, 24, 26, 28, 30 желтоқсан және 2026 жылғы 2, 4 қаңтар.

Астанадан жөнелтілуі: 2025 жылғы 21, 23, 25, 27, 29, 31 желтоқсан және 2026 жылғы 3, 5 қаңтар.

• **№203/204 «Астана Нұрлы жол – Шымкент»**

Астанадан жөнелтілуі: 2025 жылғы 20, 23, 26, 29 желтоқсан және 2026 жылғы 2 қаңтар.

Шымкенттен жөнелтілуі: 2025 жылғы 22, 25, 28, 30 желтоқсан және 2026 жылғы 4 қаңтар.

• **№257/258 «Ақтөбе – Астана Нұрлы жол»**


Ақтөбеден жөнелтілуі: 2025 жылғы 20, 23, 26, 29 желтоқсан және 2026 жылғы 2 қаңтар.

Астанадан жөнелтілуі: 2025 жылғы 22, 24, 28, 30 желтоқсан және 2026 жылғы 4 қаңтар.

Толық ақпаратты 1433 нөмірі арқылы біле аласыз.

13-14 ЖЕЛТОҚСАН
«СОҒЫМ-FEST» ЕТ ЖӘРМЕҢКЕСІ

Бас қалада Ақмола, Абай, Қарағанды, Түркістан және Павлодар облыстарының ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілердің қатысуымен кезекті ет жәрмеңкесі өтеді. Жәрмеңке Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында орналасқан «Keryen joly» сауда орталығының автотұрақ аумағында ұйымдастырылады.



№146 (4890) 11/12/2025 Бейсенбі



ЕЛШІМЕН КЕЗДЕСТІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ресейдің Қазақстандағы елшісі Алексей Бородавкинді қабылдады.

Мемлекет басшысы бірлескен күш-жігердің арқасында Қазақстан мен Ресей арасындағы көпжоспарлы ынтымақтастық барлық бағытта дамып, саяси диалог бұрын-соңды болмаған қарқынды сипат алғанын атап өтті. Қазақстан Президенті жуырда Ресей Федерациясына жасаған мемлекеттік сапарының және Владимир Путинмен жүргізген келіссөздердің табысты өткеніне баса назар аударып, оның нәтижесі жанжақты стратегиялық серіктестік және одақтастық қарым-қатынастарға айтарлықтай серпін бергеніне тоқталды.

КӨЛІК-ТРАНЗИТ САЛАСЫ ҚАЛАЙ ЦИФРЛАНАДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көлік-транзит саласын дамыту және цифрландыру мәселесі қаралды. Онда көлік министрі Нұрлан Сауранбаев, қаржы министрі Мәди Такиев, жасанды интеллект және цифрлық даму вице-министрі Ростислав Коняшкин, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Талғат Алдыбергенов және «Қазавтожол» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Дархан Иманашев баяндама жасады.

Көлік министрлігінің мәліметінше, биыл 13 мың шақырым жол салынып, жөнделген. Авто тасымалдаушылар 288 млн тонна жүк жеткізді (+1,7%), жолаушылар ағыны 1,5 млрд адамға жетті (+12,2%). Көліктік бақылауды автоматтандыру және электронды ілеспе құжаттарды енгізу жалғасуда. Авиацияда 139,6 мың тонна жүк өңделіп, 13,1 млн жолаушы тасымалданды. Темір жол тасымалы 380,3 млн тоннаны (+7,9 %) құрап, 16,4 млн жолаушы тасымалданды.

Премьер-министр Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойғанын атап өтті. «Мемлекет басшысы Қазақстанды Еуразия кеңістігіндегі басты көлік торабына айналдыру бойынша стратегиялық міндет қойды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін жүйелі іс-шаралар қабылданып жатыр. Мәселен, Транскаспий халықаралық көлік бағытының (ТХКБ) өткізу қабілеті ұлғайтылды, шетелдік серіктестермен тарифтік саясат үндесімді түрде жүргізіліп, жүктерді жеткізу мерзімдері қысқартылды. Автожол инфрақұрылымын транзиттік және халықаралық дәліздерге басымдық бере отырып жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Нәтижесінде контейнерлік тасымал көлемі өсті. Қазақстан – Қытай шекарасында пилотсыз тасымал мен бірыңғай электрондық декларацияны қамтитын «Ақылды кеден» жобасы жүзеге асырылып жатыр» деп атап өтті Олжас Бектенов. Қабылданған іс-шаралар нәтижесінде биылғы 10 айда Қазақстан арқылы транзиттік тасымал көлемі 29 млн тоннадан асып, нақты өсім көрсетті. Бұл ретте Премьер-министр транзиттік жүк тасымалы үшін бәсеке күшейіп бара жатқанын, әсіресе, халықаралық көлік дәліздері мен өткізу пункттеріндегі процестерді жылдам цифрландыру арқылы көлік логистикалық жүйенің қолда бар әлеуетін белсенді түрде кеңейту қажет екенін атап өтті.

Президент Жолдауын жүзеге асыруда басым бағыттардың бірі жүк қозғалысына онлайн-мониторинг жүргізу, мемлекеттік және жеке цифрлық платформаларды интеграциялау үшін толықтай цифрлық шешімдерді, оның ішінде Smart Cargo экожүйесін енгізу болды. Алайда бүгінде сервистердің барлығы бірдей қосылып, жұмыс істеп тұрған жоқ. Премьер-министр Көлік министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2026 жылдың 1 сәуіріне дейін сервистер мен ақпараттық ресурстардың толық интеграциясын аяқтауды тапсырды. Жуырда өткен кеңесте Мемлекет басшысы атап көрсеткен көлік-тасымал саласын дамыту үшін авиахабтарды дамытудағы басымдық баса айтылды. Осыған байланысты Үкімет ұшу географиясын кеңейту, жаңа шетелдік авиатасымалдаушыларды тарту, еліміздің әуежайлары арқылы жүк және жолаушылар ағынын арттыру бағытында жұмыс жүргізуде.

Әуежай инфрақұрылымын жаңғырту, арнайы техниканы жаңарту және жолаушылар мен әуе компанияларына қызмет көрсету сервистерін цифрландыру жүзеге асырылуда. Мұның бәрі қазақстандық әуежайларды бәсекеге қабілетті өңірлік хабтарға айналдыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте Олжас Бектенов көліктік деректер қорының ақпараттық-талдау жүйесін дамыту қажеттігін атап өтті. Қазірдің өзінде деректердің бірыңғай массиві жасалып, жүк қозғалысын бақылау модульдері іске қосылды, бірақ жүйенің қазіргі монолитті архитектурасы оны интеграциялау мен инновациялық шешімдерді енгізу кезінде қиындықтар туғызуда. Көлік министрлігіне Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесіп, аталған жүйені ашық интерфейстері бар модульдік және масштабталатын архитектураға көшіру, көлік ағындарын болжау мен басқару үшін жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу тапсырылды.

Сонымен қатар Премьер-министр көлік-транзит саласы бойынша бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, автожол инфрақұрылымы сапасын жақсарту аясында жобаларды жүзеге асырудың цифрлық мониторингін қамтамасыз ету керек, өңір әкімдіктері 2026 жылғы 1 шілдеге дейін жергілікті жолдарды толық паспорттауды аяқтап, автоматтандырылған өлшеу стансаларын орнатуды жеделдетуі қажет. Іске қосылатын «Е-жолдар» жүйесі жолдардың жағдайын есепке алу, ақауларды тіркеу және жұмыстардың орындалуын онлайн-режимде бақылау құралы болуы тиіс. Әуе жүктерін тасымалдауда электронды құжат айналымына көшуді жеделдету үшін Көлік министрлігіне Қаржы және Ауыл шаруашылығы министрліктерімен бірлесіп, 2026 жылдың 1 наурызына дейін «e-Freight» ақпараттық жүйесімен кешенді интеграцияны аяқтау, кедендік, ветеринариялық және фитосанитариялық құжаттар бойынша деректер алмасуды автоматтандыру тапсырылды.

ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменовті қабылдады. Президентке экономика мен қаржы жүйесінің жай-күйі және биылғы қаңтар-қараша айларында жүргізілген ақша-несие саясатының негізгі бағыттары жөнінде есеп беріліп, 2026 жылға арналған жоспар таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа іскерлік белсенділік, инфляцияға ықпал ететін факторлар және бағаны тұрақтандыру үшін қабылданған шаралар туралы айтылды. Үкімет, Ұлттық банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2026-2028 жылдарға арналған макроэкономиканы тұрақтандыру және халықтың әл-ауқатын арттыру жөніндегі бірлескен іс-қимыл бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Мемлекет басшысына қаржы, валюта және мемлекеттік бағалы қағаздар нарықтарындағы жағдай, Ұлттық қор мен Бірыңғай зейнетақы жинақтаушы қоры активтерінің, алтын-валюта резервтерінің жай-күйі туралы мәлімет берілді.

Жыл басынан бері Ұлттық қордың валюталық активтері 4,8 миллиард долларға өсті. 11 айдағы инвестициялық табыс шамамен 8,2 миллиард долларды немесе 13,7 пайызды құрады. Есепті кезеңде алтын-валюта резервтері 16,3 миллиард долларға немесе 36 пайызға ұлғайып, 62,1 миллиард долларға жетті. БЖЗҚ зейнетақы активтерінің көлемі биыл қаңтар-қараша айларында 2,6 триллион теңгеге немесе 11,7 пайызға артып, 25 триллион теңге болды.



Қасым-Жомарт Тоқаевқа жаппай цифрландыру барысы және Ұлттық банктің цифрлық жобалары жөнінде баяндалды. Соның ішінде Антифрод орталықтың жұмысына, ұлттық цифрлық қаржы инфрақұрылымдарын технологиялық тұрғыдан жүзеге асыруға мән берілді. Тимур Сүлейменовтің айтуынша, Ұлттық банк баға тұрақтылығын сақтап, инфляцияны орташа 5 пайыздық межеде ұстап тұру үшін барлық қажетті іс-шараларды қабылдауда. Кездесу соңында Президент инфляцияны төмендетуге, қаржы нарығы мен цифрлық трансформация секторының тұрақтылығын қамтамасыз етуге баса назар аударып, Ұлттық банк қызметіне қатысты бірқатар тапсырма берді.

ҚАРУ ИЕЛЕРІН БАҚЫЛАУ КҮШЕЙЕДІ

Мәжіліс жекеменшік күзет ұйымдары мен қару иелеріне қатысты мемлекеттік бақылауды күшейтетін күзет қызметі туралы заңды екінші оқылымда қабылдады. Құжатқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Мәжіліс депутаттары бастамашы болды.

Заңға сәйкес азаматтық және қызметтік ойық ұңғылы атыс қаруы иелері қаруын тексеру атысы үшін тапсыруға тиіс. Бұл процедура уақтылы орындалмаған жағдайда Ішкі істер министрлігі бірінші және екінші санаттағы рұқсаттардың күшін тоқтата тұрады.

Қару ұстайтын заңды тұлғалар өз қызметін тоқтатқаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде қару мен оның патрондарын ішкі істер органдарына сақтауға тапсыруға міндетті болады. Заңда сонымен қатар күзет қызметін ұсынушылар үшін жаңа міндеттемелер белгіленеді. Олар уәкілетті органға міндетті түрде есеп беруі, қызметті тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы бес жұмыс күні ішінде хабарлауға тиіс болады. Жеке күзет ұйымдарының филиалдары мен өкілдіктерінің басшыларына, сондай-ақ қарапайым күзет қызметкерлеріне міндетті талаптар енгізіледі.

Құжатқа «Әскерилендірілген теміржол күзеті» тұжырымдамасы енеді. Бұл – акцияларының бақылау пакеті ұлттық басқарушы холдингке немесе Ұлттық теміржол компаниясына тиесілі құрылым. Оның міндеті – транзиттік теміржол бағыттарында жүк пен заттарды үздіксіз қорғауды қамтамасыз ету. Түзетулерде құқық қорғау органдарының қарауындағы қару негізінде Мемлекеттік оқ-гильза қоймасын құруға мемлекеттік бақылау талаптары нақтыланады.

САМОКАТ ТЕПСЕҢ – АБАЙ БОЛ!

Мәжіліс электросамокат пайдаланушыларға қатысты жаңа заңды мақұлдады. Енді олар жол ережесін бұзған жағдайда көлік жүргізушілерімен бірдей жауапкершілікке тартылады.

Жаңа заңдағы талапқа сәйкес: ережені алғаш рет бұзса – 4325 теңге; заң бұзушылық әрекеті бір жыл ішінде қайталанса – 43 мың 250 теңге; жарақат келтірген жол апатына себепкер болса 43 мың 250 теңге айыппұл төлейді. Сонымен қатар 12 сағаттық қоғамдық жұмысқа тартылады немесе 3 тәулікке қамау жазасы қарастырылған.

Кикшеринг компаниялары да заң бұзушылыққа жауап береді. Басқару құқығы жоқ адамға самокат бергені үшін – 108 125 теңге, ал ондай адам қатысқан жол апатында 173 000 теңге айыппұл қарастырылған.

№146 (4890) 11/12/2025 Бейсенбі



ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы әкімдігінің мәжіліс залында Қоғамдық кеңес отырысы өтті. Онда қаланың барлық аудандарында «Халық қатысатын бюджет» жобасын жүзеге асыруға қатысты негізгі мәселелер қаралды.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа, Нұра және Сарайшық аудандарының әкімдері атқарылған жұмыстардың нәтижелерін ұсынып, алдағы жоспарларымен бөлісті. Алматы ауданының әкімі Рүстем Тәуекелов бұл жобаның азаматтарды шешім қабылдау процесіне тартатын және аудандардағы өмір сапасын жақсартуға мүмкіндік беретін маңызды құралға айналғанын атап өтті. Оның айтуынша, тұрғындардың бюджет қалыптастыруға белсенді қатысуы қоғам қажеттіліктерін дәлірек анықтауға жол ашады.

«Халық қатысатын бюджеттің» тиімділігін қарастыру нәтижесінде Қоғамдық кеңес қала тұрғындарына сапалы өтінімдер дайындау бойынша оқыту семинарларын және кеңес беру іс-шараларын ұйымдастыруды; жобалардың орындалуына бақылауды күшейтуді, оның ішінде ашық мониторинг пен есептілікті жариялауды; халықтың қатысуын цифрлық құралдар мен ақпараттық-ағартушылық жұмыстар арқылы арттыруды және басқа да іс-қимылдарды ұсынды.

Отырыста Астана қаласының шекараларын, сондай-ақ орман-паркі аймағының шекараларын белгілеу мәселелері де қаралды. Бұл бастамалар елорданың қала құрылысы саясатын жетілдіруге және табиғи ресурстарын сақтауға бағытталған. Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов елорданың дизайн-кодын таныстырды. Ол қала эстетикасы мен функционалды дамуының негізіне айналуы тиіс. Сонымен қатар, қаланы абаттандыру ережелеріне енгізілетін өзгерістер талқыланды. Коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ерлан Сыздықов бұл өзгерістер елорда тұрғындарының өмір сапасын арттыру үшін маңызды екенін атап өтті.

Күн тәртібінде денсаулық сақтау саласына қатысты мәселелер де қаралды. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Айнұр Төлеуова белгілі бір санаттағы азаматтарға тегін медициналық көмектің қосымша түрлерін ұсыну жоспарланып отырғанын айтты. Бұл қаланың әлеуметтік саясаты үшін айтарлықтай қадам болмақ.

Көлік инфрақұрылымы да назардан тыс қалмады. Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының өкілі қалалық қоғамдық көлікке арналған жаңа тарифтік саясатты таныстырды. Бұл саясат халыққа көрсетілетін қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған. Қоғамдық кеңес Астана қаласының қоғамдық көлігінде қолданылатын «Тарифтік саясатты бекіту туралы» әкімдік қаулысының жобасын қолдауды ұсынды. Отырыс Астананың дамуына қатысты өзекті мәселелерді талқылауға арналған маңызды алаңға айналып, қалалық биліктің ашықтық пен азаматтармен өзара әрекеттесуге деген ұмтылысын көрсетті.

АДАЛ ҰРПАҚҚА – САПАЛЫ БІЛІМ

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің бастамасымен 9 желтоқсан Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне орай Maqsut Narikbayev University-де Академиялық адалдық лигасының «Адал білім – адал ұрпақ» атты республикалық форумы өтті.



Форумға Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Д.Жазықбай, Ғылым және жоғары білім министрі С.Нұрбек, Оқу-ағарту министрі Ж.Сүлейменова, MNU Басқарма төрағасы Т.Нәрікбаев және еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты. Сондай-ақ басқосуға орта білім беру ұйымдарының өкілдері, сарапшылар қауымдастығы мен мемлекеттік органдардан 300-ден астам адам жиналды. Олар білім беру саласындағы академиялық адалдықты қамтамасыз ету тақырыбын ашық талқылады.

Мемлекет басшысы 2021 жылы Үкіметтің кеңейтілген отырысында жоғары оқу орындарында академиялық адалдықты бұзған және сыбайлас жемқорлыққа жол берген жағдайда лицензиядан айыруға дейінгі қатаң жауапкершілік енгізуді тапсырғаны мәлім. Қазіргі кезде білім беру саласында кәсіби әдеп құндылықтары қалыптасып, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуге бағытталған бірқатар жұмыстар атқарылуда.

Форумда мінбеден сөз сөйлегендер академиялық адалдық еліміздің болашақтағы тұрақты дамуының кепілі екенін қадап айтты. Дархан Жазықбайдың айтуынша, бүгінгі таңда жас ұрпақтың санасына не сіңірсек, ертең соның жемісін көреміз. «Халқымызда «Неексең – соны орасың» деген ұлағатты сөз бар. Бүгінгі күнгі біздің әрбір ісіміз ертеңгі қоғамның қандай болатынын анықтайды. Біз қазір білім беру жүйесінде өскелең ұрпаққа қандай құндылықтарды сіңірсек, ертеңгі күні соның жемісін көреміз. Адал ұрпақ тәрбиелесек, адал қоғам құрамыз. Академиялық адалдық осындай дұрыс бағыт-бағдарды көздейтін ұтымды ұстаным» деді құзырлы агенттік басшысы.

Жиынның соңында Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері және Академиялық адалдық лигасы арасында білім беруде академиялық адалдықты қамтамасыз ету жөніндегі меморандумға қол қойылды. Сондай-ақ осы меморандумды іске асырудың 2026-2027 жылдарға арналған Жол картасы бекітілді.

ҚҰНДЫЛЫҚ. ТҰЛҒА. БОЛАШАҚ

Осындай атаумен Бейбітшілік және келісім сарайында халықаралық педагогикалық форум өтті. Жиынды Астана әкімдігі және Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен қалалық Білім басқармасы, Әдістемелік орталық және «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қоры бірлесіп өткізді. Форумның негізгі мақсаты – адамзаттық құндылықтарды оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау, педагогтер мен әдіскерлердің тәжірибе алмасуын қамтамасыз ету.




Астана қаласы Әдістемелік орталығының басшысы Сындар Дәуешованың айтуынша, еліміздің әр түкпірінен жиналған 100-ден астам педагогтер басқосуда өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісіп, көрмеде шығармашылық жұмыстарын таныстырды. Сондай-ақ Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Татарстаннан келген ең үздік спикерлер іс-тәжірибесін ортаға салды. Тәжікстандағы «Андарз» жекеменшік білім беру ұйымының сарапшы-әдіскері Азимджон Муллоев елдегі әр мұғалім 2015 жылдан бастап енгізілген мемлекеттік деңгейдегі Ұлттық тұжырымдамамен жұмыс істейтінін айтты. Мысалы, математика мұғалімі өзінің сабағында оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін дамыта алады. Ұстаз 45 минуттық сабағының 7-10 минутын балалардың бойына адамгершілік қағидаттарын сіңіруге арнайды, – деді ол.

Халықаралық форум екі күнге жалғасты. Алғашқы күні Q-Talks – TEDx форматындағы халықаралық және республикалық спикерлердің баяндама сессиясы, Астана қаласы білім беру ұйымдарының үздік тәжірибелері қойылған «Білім. Әдіс. Инновация» көрмесі, «Құндылықтарға бағдарланған білім: әдістемелік ынтымақтастық және тәжірибе» тақырыбындағы дөңгелек үстел өтті. Екінші күні практикалық шеберлік сабақтары мен инновациялық оқыту модульдері таныстырылған панельдік сессиялар өтті.

ТӘУЛІК БОЙЫ ҚАР ШЫҒАРДЫ

Астанада коммуналдық қызметтер тәулік бойы көшелер мен жолдарды қар мен мұздан тазарту жұмысын жүргізіп жатыр. Күн сайын бұл жұмысқа жүздеген жол жұмысшылары мен арнайы техника жұмылдырылады. Бұл туралы елорда әкімдігінің ресми сайты хабарлады.

Бір күн ішінде қаладан шамамен 20 мың текше метр қар шығарылды, бұл 1582 ірі жүк көлігінің көлеміне тең. 10 желтоқсанға қараған түні қар күреу жұмысына шамамен 400 жол жұмысшысы мен 1 237 бірлік арнайы техника жұмылдырылды. Алдымен негізгі көшелер мен қоғамдық көлік жүретін жолдар тазартылады. Осыдан кейін тазалау қарқындылығы орташа учаскелерде – аулаларда, алаңдарда, тротуарларда және аялдамаларда жүргізіледі. Қыс мезгілінің басынан бастап қаладан 352 мың текше метрден астам қар полигондарға 27 444 жүк көлігімен жеткізілді. Астана әкімдігі қала тұрғындары мен қонақтарына жолда және тротуарларда қауіпсіздік ережелерін сақтауды, абай болуды және қолайсыз ауа райында алыс сапарларға шықпауды ескертеді.



ЖОЛ БЕРІП, ӨМІРІҢДІ САҚТА!

Астаналық полиция мен жедел медициналық жәрдем қызметі жүргізушілердің мәдениетін арттыру және жедел көліктер қатысатын жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында күш біріктірді. Олар тиісті меморандумға қол қойды.

Қалалық әкімдіктің ресми сайты хабарлағандай, меморандум аясында бірлескен акция басталды. Акция барысында полицейлер жүргізушілерге түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жедел жәрдем және басқа да арнайы қызмет көліктеріне (жарық және дыбыс сигналдары қосылған жағдайда) жол беру ережелерін еске салады.

Құқық қорғау органдары ережелерді бұзған жағдайда жауапкершілік бар екенін ескертеді. Полиция қызметкерлері атап айтқандай, жедел қызмет көліктері адамдарға шұғыл көмек көрсету, өртке және қауіпті жағдайларға дереу әрекет ету мақсатында шығарылады. Олар үшін әрбір секунд маңызды, жолдағы кешігу адамның денсаулығына немесе өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Жедел жәрдем және басқа да арнайы қызмет мамандары тәулік бойы жұмыс істейді. Жедел қызмет көліктерінің қауіпсіз және кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету барлық жол қатысушыларының міндеті болып саналады. Полиция мен жедел жәрдем көліктеріне жол бермеген жағдайда 20 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әкімшілік айыппұл салынады. Полиция жүргізушілерге ережелерді сақтау және арнайы көліктерге уақытылы жол берудің адам өмірін сақтауға нақты үлес қосатынын ескертеді.

№146 (4890) 11/12/2025 Бейсенбі



АСТАНА – ОТАНЫМЫЗДЫҢ ЖҮРЕГІ

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

1997 жылы 10 желтоқсанда ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшті. Астананың Алматыдан Арқаға, Есілдің жағасына көшуі еліміз үшін, қазақ халқы үшін стратегиялық, саяси және өркениеттік маңызы бар шешім болды. Бұл қадам елдің геосаяси орталығын күшейтіп, мемлекеттілікті жаңа кеңістікке шығарды, ұлттың тарихи тамыры мен рухани тұтастығын қайта бейнеледі. Солтүстік өңірдің демографиялық, экономикалық, инфрақұрылымдық дамуына серпін беріп, жаңа саяси-әкімшілік орталықтың қалыптасуына негіз қалады. Ең бастысы, Отанымыздың жүрегіне, тәуелсіздігіміздің тірегіне баланған жаңа Астана елдің жаңғыруының, жасампаз рухының, мемлекет құрушы ұлттың болашаққа деген сенімінің тірегіне айналды.

ЕЛОРДАНЫҢ ТАРИХИ КҮНІ

Осы бір айтулы күннің құрметіне орай 10 желтоқсанда Астанада Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Арқа төсіндегі ару қала – Астана» тақырыбында кездесу өтті. Кездесуде қала тарихы мен елорданың қалыптасу кезеңдері туралы мазмұнды әңгімелер қозғалып, қатысушылар ел астанасының Алматыдан Ақмолаға көшірілуінің мәні мен маңызына тоқталды.

Кездесуді ұйымдастырған кітапхана қызметкері Сағыныш Сейдахметова елорда тарихын жастарға жеткізудің маңызын айта келіп: – Мен көшпен бірге Астанаға келген жастардың бірімін. Біз келгенде ат құлағы көрінбейтін ақтүтек бораны, сақылдаған сары аязымен қарсы алған шағын қала бүгін адам танымастай өзгеріп, бас қаламыз еліміздегі ең керемет әсем қаланың біріне айналды. Астананың осындай деңгейге жетуінде халқымыздың «ортақ өгізден оңаша бұзауым артық» деп, дербес елдікке талпынған берік сенімі аса маңызды рөл атқарды. Бүгін сол бір айтулы сәттің куәгерлерін шақырып, жастардың құлағында жүрсін, білсін деген мақсатпен осы кездесуді ұйымдастырып отырмыз, – деді.

Осыдан кейін сөз кезегі арнайы шақырылған спикерлерге берілді.



ОТАНШЫЛДЫҚ СЕЗІМ ӨРГЕ СҮЙРЕДІ

– Мен Астанаға алғаш келген журналистердің бірімін. Бір күні Қазақ радиосының бас директоры телефон шалып: «Ғалия апай, Ақмола Қазақстанның астанасы болайын деп жатыр, бәріміз үлес қосуымыз керек. Егер мүмкіндік болса, сол жаққа барасыз ба?» деген ұсыныс айтты. Ол кезде мен Павлодар облысы бойынша Қазақ радиосының меншікті тілшісі едім. Ол кезде барлық өңірлерде тілшілер қосыны қысқарып, қаржы мен назар жаңа астанаға бағытталып жатқан шақ еді. Мен ішімнен: «Солтүстікте жаңа астана бой көтергелі жатыр. Неге мен өз үлесімді қоспаймын?» деп ойладым. Отбасыммен ақылдаса отырып, Павлодардағы үйімізді сатып, Ақмоладан баспана алуға бел будық. Келгенде балаларым Ақмоланың бет-бейнесін көріп шошып кетті. «Мама, қайда келдік? Қайтайық» деді. «Жоқ, біз Астананы бірге құруымыз керек» деп келте қайырдым. Маған күш бітірген, жігер берген отаншылдық сезім еді.



Көп уақыт өтпей, Қазақстанның түкпір-түкпірінен журналистер келді. 10 желтоқсанда Ақмола елорда атанып, Астананың төрінде көк ту желбірегенін өз көзімізбен көрдік. Сақылдаған сары аяздағы сол бір сәт, сол күн есімнен ешқашан кетпейді. Сол бір тарихи сәттен қазақ радиосында репортаж жасадым. Соған қуанамын. Көп ұзамай астана туралы журналистерге арналған байқау өтті. Тақырыбы есімде толық жоқ, бірақ сол конкурста жеңімпаз атанып, әдемі картинаға ие болдым. Ол картина қазір де төрімде тұр.

Астанаға келген соң бірқатар авторлық хабарлар дайындадым: «Астана және астаналықтар» атты жарты сағаттық бағдарлама, «Өнерім – өмірім» деген әдеби-мәдени хабар, «Көзқарас» атты саяси бағдарлама. Күнделікті маңызды тақырыптарды қозғап отырдым. Иә, біз астананы құруға шамамыз келгенше үлес қостық. Сол кезең – өмірімнің ең жауапты, ең күрделі әрі мақтанышпен еске алатын шағы, – деді «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі Ғалия Балтабай.

Сонымен қатар, ол алғаш көшіп келген кезде Астанаға келген азаматтардың жалақы төмен болғандықтан тұрмыстан да қиналғанын айтып, өзінің де балаларын асырау үшін таң бозынан тұрып, бәліш, шелпек пісіріп, оны таңғы базарға апарып сатып күн көргенін де әсерлі әңгімемен жеткізді.

ЖҮРЕККЕ ҚУАТ, ЖАНҒА ШУАҚ СЫЙЛАЙДЫ

– 1997 жылдың желтоқсан айының бір күнінде Аяған Сандыбай ағамыз телефон шалып, «Сәдібек, бауырым, жаңа елордамыз Ақмола қаласының әкімдігіне бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынас орната алатын және қала әкімінің баспасөз хатшысы жұмысын жоғары кәсіби деңгейде жүргізе алатын тәжірибелі маман қажет. Байқау жарияланып қойды. Үміткерлер көп. Мен осы қызметке сенің кандидатураңды сырттай ұсынып қойдым. Мүмкін бағыңды сынап көрерсің?» дегені. Міне, осы қоңырау менің өміріме үлкен өзгеріс әкелді. Көп өтпей Астана қаласы әкімінің баспасөз хатшысы атандым. Бұл жұмыс Астанадағы барлық өзгерістердің куәсі болуыма үлкен мүмкіндік берді.

Баршаға мәлім, алғаш астанамызды Алматыдан Ақмолаға көшіргенде, көп адамның көкейінде «Ақмола астана болуға лайық па?» деген күдікті сауал тұрды. Мәскеулік және отандық ақпарат құралдарында жаңа қала туралы небір сыни материалдар жарық көріп, гуілдесіп жатқан кез. Біздің мақсатымыз қоғамды астанаға қатысты күмәнді ойлардан тазартып, елорда туралы жаңа, жақсы пікір қалыптастыру, жағымды имиджін жасау еді.

1998 жылдың 4 сәуірі күні Астана қаласының қазіргі халықаралық баспасөз орталығының негізі қаланды. Менің басшылығыммен және тікелей ұйымдастыруыммен үш жыл ішінде бұл орталықта бір мыңнан астам баспасөз мәслихаттары мен брифингтер өтті. Бұл журналистер ұйымы алғашқы күннен бастап бүкіл журналистер қауымының басын біріктіріп, жақсы істердің жаршысы, ауқымды ақпараттық шаралардың ұйытқысы бола білді. Әлемнің талай алпауыт басылымдары мен электронды ақпарат құралдарының тілшілері осы баспасөз орталығында бас қосып, тәуелсіз Қазақстан туралы, оның жас астанасы жөнінде мәліметтер алып, дүние жүзінің түкпір-түкпіріне ақпараттар таратты.

1998 жылдың 9 маусымында түркі тілдес елдер басшыларының бесінші саммиті Астанада жоғары деңгейде өтті. Ал 1998 жылдың 10 маусымы күні тәуелсіз Қазақстан Республикасының елордасы ретінде Астана қаласының халықаралық тұсаукесері дүркіреп өтті. Мен соның ортасында болған куәгерлердің бірімін.

Ал қазір біздің Астана қаласының даңғылдары, көшелері, әсем ғимараттары, кешендері, тұрғын үйлері, демалыс орындары, архитектурасы – бәрі-бәрі таңғажайып. Қарай бергің келеді. Иә, қазақтың кең даласы – Сарыарқаның төріндегі әсем қала – Астанамыз гүлденіп, құлпырып тұр. Астананы көрген сайын көңілімді қуаныш, жүрегімді мақтаныш сезімі кернейді, – деп ой бөлісті жазушы, публицист, Ұлттық ат спорты федерациясының президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Сәдібек Түгел.

Кездесу соңы сұрақ-жауапқа ұласып, спикерлер студенттердің сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ ұлттық құндылықты сақтаудың мән-маңызы туралы да келелі кеңес айтылды.

БРОНЕТЕХНИКА ШЫҒАРАДЫ

Астанада Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығында еліміздің жетекші өнеркәсіптік кәсіпорындарының бірі – Kazakhstan Paramount Engineering компаниясы 10 жылдық мерейтойын атап өтті.

2015 жылы құрылған бұл кәсіпорын бүгінде Қазақстан мен тұтас Орталық Азия аумағындағы дөңгелекті бронетехника шығаратын жалғыз өндірістік кешен ретінде танылып отыр. Он жыл ішінде компания заманауи әскери техника өндірісін жолға қойып, еліміздің қорғаныс-өнеркәсіптік саласының дамуына айтарлықтай үлес қосты.


Компания толыққанды өндірістік циклге ие. Яғни жоба әзірлеуден бастап дайын өнімді шығаруға, оны сервистік қолдау және кейінгі техникалық сүйемелдеуге дейінгі барлық кезеңді өз базасында жүзеге асырады. Осылайша Қазақстан аумағында бәсекеге қабілетті, заманауи брондалған дөңгелекті техника шығару ісін жүйелі түрде дамытып келеді.

«Kazakhstan Paramount Engineering» ЖШС құрылтайшысы, Қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындары қауымдастығының басқарма төрағасы Айбек Барыс өз сөзінде кәсіпорынның әлеуетіне тоқталып, компанияның он жылдық белесімен құттықтады.

– Біздің компания Қазақстан территориясында заманауи әрі жоғары технологиялық бронетехниканы толық өндірістік циклмен әзірлеп, оны сервистік қолдаумен қамтамасыз етеді. Сондай-ақ түрлі міндеттерді орындауға арналған дөңгелекті бронды машиналардың жаңа үлгілерін дамыту бағытында жұмыс жүргізіп келеміз. Қазіргі таңда біз жылына 350 бірлікке дейін әскери техника шығара аламыз. Зауыт іске қосылғалы бері «Арлан», «Terrex-Barys A», «Алан-2 MRAP» және 6х6, 8х8 дөңгелек формулаларындағы «Барыс» сериялы машиналарын сәтті өндіруде, – деді ол.

Мерейтой аясында компанияның он жылдық еңбегінің нәтижелері, өндірістік жетістіктері, техника үлгілері және болашақ даму жоспарлары жұртшылыққа кеңінен таныстырылды.

№146 (4890) 11/12/2025 Бейсенбі



ДИПФЕЙК: ҚОҒАМҒА ТӨНГЕН ҚАУІП

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Қазіргі уақытта дипфейк технология құралы емес, адам психологиясы, интернет-алаяқтық және киберқауіпсіздік салаларын тоғыстырып тұр. Қаржы мониторингі агенттігі превенция және аналитика әзірлемелері департаменті басшысының орынбасары Андрей Давыдовтың айтуынша, дипфейк технологиялары соңғы жылдары күрт жетіліп, фейк видео мен дауыстың сапасы адамды шатастыратындай деңгейге жеткен әрі бұл – қоғам үшін үлкен қауіп. Оның айтуынша, заманауи нейрожелілерге адамның дауысын көшіріп алу үшін небәрі 30 секундтық жазба жеткілікті. Ал бейнені қолдан жасап шығару одан да жеңілдей түскен. Жасанды интеллект адамның бет мимикасын, көз жыпылықтату жиілігін, тіпті жарықтың өзін шынайы түрде бейнелей алады. Осы мәселеге қатысты деректер ойлантпай қоймайды. 2019 жылдан бері дипфейктер санының күрт өскені технологияның тез дамып жатқанын білдіреді. Мәселен, Deloitte болжамына сүйенсек, әлемде 2027 жылға қарай AI-алаяқтықтан келетін шығын 40 млрд долларға жетуі мүмкін. Біздің еліміздің өзінде 2025 жылдың алғашқы айларында дипфейкке қатысты 40-тан астам қылмыстық іс тіркелген. Бұл цифрлар дипфейк мәселесі тек жаһандық деңгейде емес, Қазақстан үшін де өзекті екенін дәлелдейді.

> Дипфейк – жасанды интеллект арқылы адамның бейнесін немесе дауысын барынша шынайы етіп өзгертуге мүмкіндік беретін технология. Бұрын мұндай контентті жасау үшін кәсіби студия мен білімді мамандар қажет болса, бүгін оны кез келген адам бірнеше минут ішінде қарапайым смартфон арқылы-ақ жасай алады.

АЛАЯҚТАР ҚАЛАЙ АЛДАЙДЫ?

Андрей Давыдов алаяқтыққа қатысты нақты мысал келтірді. Оның ішінде ең таңғаларлығы – Гонконгтағы оқиға. Бір ғана бейнеконференция арқылы алаяқтар 25 миллион долларды үптеп кеткен. Нақты айтсақ, компания қызметкері онлайн-жиналысқа қатысады. Экранда әріптестері – бас директор, қаржы директоры және тағы басқа мамандар отыр. Бірақ олардың барлығы дипфейктер болып шыққан. Қызметкер олардың айтқанын шынайы деп қабылдап, 25 миллион долларды аударып жіберген. Бұл оқиға дипфейктің тек жеке адамдарға емес, мемлекеттік органдар мен ірі бизнеске де қауіп төндіретінін көрсетеді.

Әлеуметтік желілердегі фейктер көп жағдайда таныс емес «шетелдік жігіттер» және боттар екені белгілі. Жалған аккаунттар (Instagram, Telegram, VK), әдемі адамдардың дипфейк фотолары, боттармен жасалатын «интернет-романдар» және эмоцияға әсер ететін жалған оқиғалар – алаяқтықтың басты схемалары. Мәселен, елорданың өзінде жуырда қала тұрғыны өзін «шетелдікпін» деген жігітке 9 млн теңге аударып жіберген. Келіншек әлеуметтік желіде өзін «шетелдікпін» деп таныстырған жігітпен сөйлесіп жүрген. Аз уақытта оған деген романтикалық сезімін білдірген ер адам бірде картасы бұғатталғанын, қонақүйге төлем жасай алмай тұрғанын және билет сатып ала алмай отырғанын айтып, 9 млн теңге сұрап алған. Айналып келгенде, бәрі жалған. Ол адамның бет-бейнесі де, бейнежазбасы да дипфейк. Алаяқтардың тағы бір пайдаланатыны – жасанды дауыс.

«Егер жақыныңыз сізден дауыс хабарламасы арқылы қаржылай көмек сұраса, ең алдымен, оның жеке телефон нөміріне қоңырау шалып, тексеріңіз. Себебі алаяқтарға дипфейк үшін дауысыңыздың 30 секунды жеткілікті. Мысалы, сізге жақын туысыңыздан немесе анаңыздан дәріге немесе ота жасатуға қаражат сұраған дауыс хабарламасы келуі мүмкін. Сол кезде ақша жібермес бұрын бірден қоңырау шалыңыз. Дипфейкті шынайы дауыстан ажырату қиын болуы мүмкін. Тіпті алаяқтарда «айналайын» деген сөзді де қолданып, жақыныңыздың дауыс ырғағын дәлме-дәл келтіру мүмкіндігі бар» дейді Андрей Давыдов.

Қазір Қазақстанда мұндай сценариймен жасалған алаяқтықтар көбейіп келеді.

АТАҚТЫ АДАМДАРДЫҢ АТЫН ЖАМЫЛАДЫ

Алаяқтардың тағы бір айласы – танымал адамдардың атын жамылу. Яғни бейнедипфейк. Олар шенеуніктердің, бизнесмендердің, спортшылардың және блогерлердің бейнесін қолдан жасайды. Содан кейін олардың атынан «Инвестиция жасаңыз, 80% табыс аласыз», «Біз арнайы бағдарлама аштық» деген жалған видеолар таратады. Елімізде мұндай алаяқтыққа көп адам сеніп қалады. Салдарынан жеке дерегінен немесе ақшасынан айырылып қалады.

Мамандардың айтуынша, дипфейкті танып білудің төрт негізгі белгісі бар. Біріншіден, бейнематериалдағы адамның көз жыпылықтатуы табиғи емес. Өте жиі болады немесе мүлдем байқалмайды. Екіншіден, көлеңке дұрыс түспейді. Жарықтың бағыты бетке түскенде табиғи шықпайды. Үшіншіден, бетмойын сызықтары бұлыңғыр болады. Сонымен қатар адамның шашы көрінбейді. Жасанды интеллект дәл бере алмайтын ең қиын элементтің бірі осы шаш қозғалысы екен. Алайда сарапшылар жарты жылдан кейін бұл белгілердің өзі байқалмай қалуы мүмкін екенін алға тартады, себебі технология күн сайын дамуда.

4,5 МИЛЛИОНҒА АЛДАНҒАН

Жуырда елордалық Айгүл есімді келіншек те алаяқтарға қалай алданғанын айтып берген еді.

«10 қараша. Автобустан түсіп үйге келе жатыр едім, бейтаныс нөмірден қоңырау шалды. Жас қыздың дауысы «Сіз декларацияны қате тапсырғансыз, период дұрыс емес» деп қорқыта бастады. Әңгіме арасында білдіртпей, «Телефоныңызға код келді, айта қойыңыз» деді. Сол сәттегі аң-таң күйімді сөзбен жеткізе алмаймын. Көп ұзамай басқа нөмір «ЦОН-нанбыз. Код айтып пе едіңіз? Сіз қазір үлкен қауіптесіз! Алаяқтар сізді торға түсіріп жатыр! Ешкімге ештеңе демеңіз, ешкімге сенбеңіз, оңаша болыңыз» деп алдап соқты. «ҚР-ның 223-бабына сәйкес, сіз үшінші тұлғаға құпияны жариялауға міндеттісіз» дегені де бос сөз екен. Дауыстары асығыс, қорқыныш тудырады. Сені шошытып алады да, сол қорқыныштың ішінен өздері «құтқарушы» болып шыға келеді екен. Қазір ойлап отырсам, бәрі жоспарлы, ешбір қате қадамдары жоқ. Сәлден соң видеобайланысқа шықты. Өзге ұлт өкілі, ер адам. Артында «Ұлттық банк» деген баннер. Тіпті аватарында да сол. Баннерді арнайы көрсетіп, «Сізді бақылап отырмыз. Уайымдамаңыз, біз көмектесеміз» деді. Сол сәтте сенесің. Өйткені қорқып тұрсың. Өйткені жалғызсың. Бір кезде «аға менеджерге» қосты. Одан кейін «киберполицияға». Ол формада отыр. Артында көк туымыз ілініп тұр. Куәлігін көрсетіп, өзін таныстырып жатыр. Қазір ойласам, бәрі қолдан жасалған фильм сияқты. Бірақ сол сәтте менің ақылым емес, қорқынышым сөйлеп тұрған. Нәтижесінде атымнан 3 кредит рәсімделді: біреуін банк тоқтатты, біреуіне биометриям өтпей қойды, үшіншісі, өкінішке қарай, кетті. Олар мінсіз жоспар құрған алаяқтар екен. Мен ақшаны емес, адамдықты жоғалтып алғандай күй кештім. Сенімімді, қарапайымдылығымды, адал ниетімді пайдаланды» дейді ол.

Осылайша, өзінің алданғаны басқа адамдарға да сабақ болса екен дейді. Бұл ретте алаяқтар психологиялық манипуляцияны пайдаланып отыр. Қорқыныш, мейірім, сүйіспеншілік, жауапкершілік. Адамды сендіру үшін нақты сценарийлер ойластырылады. Дипфейктер тек ақша жымқыру үшін емес, қоғамда дүрбелең тудыру, белгілі тұлғаларды қаралау үшін де қолданылуы мүмкін. Олар интернеттегі контентті шынайы деп қабылдайтын ең осал топтарды таңдайды.

ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУ КЕРЕК?

Сарапшылар бірнеше қарапайым мәселені назарда ұстау керек дейді. Кез келген күмәнді хабарламадан кейін міндетті түрде қайта қоңырау шалу, бейтаныс адамдарға ақша, жеке фото-бейнежазба жібермеу, әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік баптауын қатайту, «Тез байытып жіберемін» деген ұсыныстарға сенбеу. Егер ақпарат тым жақсы немесе тым қорқынышты көрінсе, ол алаяқтық болуы мүмкін.

Біз қаласақ та, қаламасақ та, дипфейк – әлеуметтік қауіп. Андрей Давыдов атап өткендей, дипфейктер дәуірі енді басталды. Жарты жылдан кейін бүгінгі айырмашылық белгілері жоғалып, шынайы мен жалғанды ажырату тіпті мүмкін болмай қалуы мүмкін. Сондықтан цифрлық сауаттылық, қаржылық сауаттылық, ақпараттық қауіпсіздік әр азамат үшін міндетті дағдыға айналуы тиіс. Тек сауатты қоғам ғана жаңа технологиямен бірге келген алаяқтыққа төтеп бере алады.

ЖАЛҒАН АККАУНТТАР (INSTAGRAM, TELEGRAM, VK), ӘДЕМІ АДАМДАРДЫҢ ДИПФЕЙК ФОТОЛАРЫ, БОТТАРМЕН ЖАСАЛАТЫН «ИНТЕРНЕТ-РОМАНДАР» ЖӘНЕ ЭМОЦИЯҒА ӘСЕР ЕТЕТІН ЖАЛҒАН ОҚИҒАЛАР – АЛАЯҚТЫҚТЫҢ БАСТЫ СХЕМАЛАРЫ



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ АЗАЙТУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АЛҒЫШАРТЫ

> Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген басым бағыттардың бірі. Ашықтықты күшейту, қоғаммен тұрақты диалог орнату және алдын алу тетіктерін жетілдіру – елімізде жүргізіліп келе жатқан жүйелі жұмыстың негізгі бөлігі. Бұл ұстанымдар барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қызметінде нақты іске асырылуы тиіс.

Осы орайда, Нұра ауданы да тұрғындардың сенімін арттыруға, көтерілген мәселелерді дер кезінде шешуге және қоғамды шешім қабылдау процесіне тартуға басымдық беріп отыр. Ашық басқару мәдениетін қалыптастыру – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтудың маңызды алғышарты.

Тұрғындармен ашық жұмыстың маңызды тетіктерінің бірі – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы. Бұл бастама аулаларды абаттандыру бойынша жобаларды тұрғындардың өздері ұсынуына және таңдауға мүмкіндік береді. Яғни қандай аулаға жөндеу қажет, қандай ойын немесе спорт алаңы орнатылуы тиіс – мұның бәрі жергілікті тұрғындардың онлайн дауыс беруі арқылы анықталады.

Биыл Нұра ауданында абаттандырылған 19 ауланың 10-ы дәл осы бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылды. Тұрғындардың бастамасы мен дауыс беру нәтижесіне сүйене отырып, орындалған жұмыстары қоғамның белсенділігін күшейтіп қана қоймай, шешім қабылдау процесінің ашықтығын да арттырып отыр.

Сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында аудан әкімдігі қоғамдық ұйымдармен бірлесе жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда, «Жаңару» сыбайлас жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалыс» РҚБ-мен бірге арнайы профилактикалық іс-шаралар өткізілуде. «Жастарды құқықтық тәрбиелеу – сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымның негізі» жобасы аясында білім беру мекемелерінде дәрістер ұйымдастырылып, жас буынға заңға құрмет пен адалдық құндылықтары түсіндіріліп келеді.

Алдын алу шаралары мемлекеттік қызметшілер арасында да тұрақты түрде жүргізіледі. Аппарат қызметкерлеріне арнап этика жөніндегі уәкілдің қатысуымен тоқсан сайын семинарлар өткізіліп, қызметтік әдебі, заң талаптары және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жолдары талқыланады. Мұндай түсіндіру жұмыстары мемлекеттік қызметтің ашық әрі жауапты болуына ықпал етеді.

Біздің басты мақсатымыз – сыбайлас жемқорлыққа төзімсіз орта қалыптастыру. Бұл – тек мемлекеттік органдар үшін емес, әрбір азамат үшін маңызды міндет. Ашықтықты сақтау, қоғаммен бірлесе шешім қабылдау және адалдық қағидаттарын ұстану арқылы ғана әділ әрі сенімді қоғам құруға болады.

Ришат ТҰРДЫБЕКОВ,
Астана қаласы
Нұра ауданының әкімі

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

03.12.2025 №510-4748

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

